

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің І-Вице-президенті
_____ Ж.Томар
« ____ » _____ 2019 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті
_____ Б.Абдрасилов
« ____ » _____ 2019 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-068-2019

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына
(магистратура, резидентура, докторантура)
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры
Т.Ниязов, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы,
- Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы
Г.Балкибаева.
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов,
- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының
басшысы Ж.Дарихаев
- Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Әбсеметов,
- Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша ректор кеңесшісі
Е.Төлегенов
4. Енгізілді - 2019 ж.
5. Тексеру мерзімі - 2021 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 2 – ші беті

Мазмұны

1.	Қолданылу саласы _____	3
2.	Нормативтік сілтемелер _____	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар _____	3
4.	Жауапкершілік _____	4
5.	Жалпы ережелер _____	4
6.	Магистратураға, резидентураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі _____	5
7.	Докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі _____	7
8.	Магистратура, резидентура, докторантураға түсу емтихандарын, КТ өткізу тәртібі _____	8
9.	Түркия грантына және Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша (КазТЕП) білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі _____	9
10.	Апелляциялық комиссиялардың жұмысы _____	10
11.	Келісу, сақтау және тарату _____	10
	Қосымша А Танысу парағы _____	12
	Қосымша Б Өзгерістерді тіркеу парағы	13

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 3 – ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне (бұдан әрі-университет) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім (магистратура, резидентура және докторантура) білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің ережесі (бұдан әрі–УЕ) магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларын даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 УЕ магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдауда қойылатын талаптарды жүзеге асыратын және сапасын бағалауда негізгі құжат болып табылады.

1.4 УЕ-ХҚТУ-068-2019 УЕ университеттегі сапа менеджменті құжаттарының құрамына (бұдан әрі - СМЖК) кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

-Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда ҚР 04.07.2018 № 171-VI);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Магистратура, Докторантура бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы;

- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы 2008 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 58 Қаулысы (жаңа редакцияда 2019 жылғы 07 ақпандағы ҚР Үкіметінің № 39 Қаулысы);

- «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығы;

- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (жаңа редакцияда 2019 жылғы 05 маусымдағы ҚР БҒМ № 259 бұйрығы) ;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;

- Қабылдау комиссиясының шешімдері;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 4 – ші беті

ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.
ЖЖОКБҰ	– Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары.
ҰТО	– Ұлттық тестілеу орталығы.
УЕ	– Университет ережесі.
СМЖ	– Сапа менеджменті жүйесі.
СМЖҚ	– Сапа менеджмент жүйесінің құжаты.
ЖОО	– Жоғары оқу орны.
СРСО	– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.
БББ	– Білім беру бағдарламасы.
ҚК	– Қабылдау комиссиясы.
КТ	– Кешенді тестілеу.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 УЕ университеттің Сенат мәжілісінде талқыланады.

4.2 УЕ университеттің президенті – Сенат мәжілісінде төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 УЕ талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы (бұдан әрі - ҚК) жауапты болып табылады.

4.4 УЕ оқуға қабылдауда қойылатын талаптарының орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президентке жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Университет магистранттары мен докторанттарының контингентін калыптастыру күндізгі бөлім негізінде бейіндік, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, азаматтардың өз қаражаты және өзге де қаржы көздері есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

5.2. Университетке резидентура контингентін калыптастыру күндізгі оқу нысаны бойынша тыңдаушыларды қабылдау негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де қаржы көздері есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

5.3. Магистратураға, резидентураға және докторантураға шетелдік азаматтарды қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау қабылдау комиссиясының ұйымдастыруымен білім беру бағдарламаларының, мамандарын жұмылдыру арқылы әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5(бес) күн қалғанға дейін жүргізіледі.

5.4. Туркия Республикасының азаматтары туркия квотасы бойынша докторантурада білім алуға әңгімелесу және түсу емтихандарының нәтижесі бойынша қабылданады.

5.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

5.6. Магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау, кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.7. Университетке магистратура, резидентура және докторантураға, түсуші тұлғалардан өтініштерді қабылдау ағымдағы жылдың **3 – 25 шілде аралығында** жүргізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 5 – ші беті

5.8. Магистратура, резидентура және докторантураға түсу үшін кешенді тестілеу (КТ), бейіндік пәндер бойынша түсу емтихандары және шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың **8–16 тамызы аралығында**, қабылдау күнтізбелік жылдың **28 тамызына дейін** жүргізіледі.

5.9. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады. Сертификат тізімі мен ең төменгі шекті балл Үлгілік қағидамен анықталады.

5.10. Магистратураға және докторантураға түсуші тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың түпнұсқасын тапсыруға міндетті.

Шет тілін меңгергендігі туралы халықаралық сертификаттың түпнұсқасы мәліметтер базасы арқылы тексеріледі. Сертификаттардың түпнұсқалығы расталмаған жағдайда құжат қабылданбайды.

Жарамдылық мерзімі біткен сертификаттар жарамсыз болып табылады.

5.11. Денсаулық сақтау саласы бойынша докторантураға қабылдау екі кезеңмен жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

Денсаулық сақтау саласы бойынша докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу, түсу емтихандары басталғанға дейін, күнтізбелік жылғы 1 ақпаннан 31 мамырға дейін жүргізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін өткізілген алдын ала іріктеудің нәтижелері түсу емтиханын тапсыруға рұқсат беру немесе рұқсат бермеу болып табылады.

5.12. Университеттің қабылдау комиссиясы, ерекше жағдайларда құжаттар қабылдауды сенім білдірушінің сенімхаты мен жеке куәлігінің болуы, жеке куәліктің көшірмесін алу арқылы жүзеге асырады (құжаттардың түпнұсқасы салыстырудан кейін қайтарылып беріледі).

5.12. Магистратура, докторантура және резидентура бойынша білім беру бағдарламаларының түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру және құжаттарды қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6. МАГИСТРАТУРАҒА, РЕЗИДЕНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын, резидентураға жоғары білімнің және интернатураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

6.2. Университет магистрлер даярлауды екі бағыт бойынша жүргізеді:

- 1) ғылыми-педагогикалық бағыт, оқу мерзімі – 2 жыл;
- 2) бейінді бағыт, оқу мерзімі – 1,5 жыл.

6.3. Магистратура, резидентураның білім беру бағдарламаларын толығымен меңгеру үшін міндетті білім сатылары (пререквизит) пәндерінің тізімі бітіруші кафедра отырысында қаралып, Академиялық комитет кеңесінің шешімі негізінде, сала бойынша вице-президентпен бекітіледі.

6.4. Білім алушы университетке магистратураға және резидентураға қабылданған кейін пререквизиттерді ақылы негізде толық игереді.

6.5. Магистратураға және резидентураға түсуші тұлғалар, мынадай құжаттарды тапсырады:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 6 – ші беті

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18657 болып тіркелген) сәйкес белгіленген нысанда ұйым басшысының атына (резидентура үшін еркін түрде) өтінішті;

2) жоғары білімі туралы құжаты (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде);

3) интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесін (резидентураға түсу үшін);

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

5) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

б) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;

7) шет тілінен тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

6.6. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

-ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – кемінде 163 балл),

-Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 46),

-Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 453,

-Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (TOEFL PDT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливерэд тэстинг)) – шекті балл – кемінде 65),

-International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 5.5);

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/C1 деңгейі);

-француз тілі: Test de Franzais International™ -Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша В1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), В2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise - Диплом Апрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), С1 деңгейі), Test de connaissance du franzaise - Тест де коннэсанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 400 балл).

6.7. Көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

6.8 Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 7 – ші беті

7. ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 1 жыл еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген тұлғалар қабылданады.

Бейінді магистратураны бітірген магистрант педагогикалық бейіннің бағдарламаларын қосымша меңгерген жағдайда (педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша меңгеруі туралы куәлік) докторантураға түсуге рұқсат беріледі.

7.2. Докторантураның білім беру бағдарламаларын толығымен меңгеру үшін міндетті білім сатылары (пререквизит) пәндерінің тізімі бітіруші кафедра отырысында қаралып, Академиялық комитет кеңесінің шешімі негізінде, сала бойынша вице-президентпен бекітіледі.

7.3. Білім алушы университетке докторантураға қабылданданған кейін пререквизиттерді ақылы негізде толық игереді.

7.4. Докторантураға түсуші тұлғалар университетке және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы келесідей құжаттарды тапсырады:

- 1) өтінішті (еркін түрде);
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) білімі туралы құжатты (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде);
- 4) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатын;
- 5) № 907 бұйрықпен бекітілген 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 6) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
- 7) кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжатты;
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімін (бар болған жағдайда);
- 9) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласы бойынша).

7.5. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

7.6. Көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

7.7. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарын ұсынады:

- ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm - Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – кемінде 138 балл),

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 32),

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 400,

- Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (TOEFL PDT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливерэд тэстинг)) – шекті балл – кемінде 47),

- International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 4.5);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 8 – ші беті

-неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хошулцуган) (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі);

-француз тілі: Test de Français International™ -Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplôme d'Études en Langue française - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplôme Approfondi de Langue française - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du français - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кемінде 400 балл).

7.8.Көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

7.9 Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

8. МАГИСТРАТУРА, РЕЗИДЕНТУРА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН, КТ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

8.1.Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілінен (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз), білім беру бағдарламалары тобының бейінді пәнінен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінен тұратын кешенді (келесіде КТ) тапсырады.

8.2.Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

8.3.КТ ҚР БҒМ айқындайтын КТ өткізу пункттерінде өткізіледі.

8.4.Магистратураға қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, оның ішінде: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 15 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 20 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 15 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.5.Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл, оның ішінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 8 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 10 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.6.Резидентураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтихандарын тапсырады.

8.7. Резидентураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын жоғары оқу орны дербес жүргізеді.

8.8. Резидентураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханы жазбаша немесе тест түрінде өтеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 9 – ші беті

8.9. Резидентураға тұлғаларды қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейінінен түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.10. Докторантураға тұлғаларды қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.11. Докторантураға түсу үшін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихандардың кестесі белгіленген нысанға сәйкес Университет сайтына жарияланады.

8.12. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Университеттің профессор-оқытушылық құрамының қатарынан қалыптастырылады.

8.13. Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

8.14. Докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды ЖОО дербес жүргізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тек түсетін ЖОО-да ғана тапсырады. Докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханы жазбаша немесе тест түрінде қабылданады.

8.15. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандардың жиынтығы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы үшін кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін кемінде 25 балл;

3) резидентура үшін – кемінде 75 балл.

8.16. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

8.17. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң таңдаған білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

9. ТҮРКИЯ ГРАНТЫНА ЖӘНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША (КАЗТЕП) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

9.1. Магистратура, резидентура және докторантура бағдарламаларына бөлінетін «Түркия квотасының» контингент саны Өкілетті кеңес тарапынан анықталады.

9.2. Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша КТ тапсырып, шекті балды алған тұлғалар Түркия квотасы конкурсына қатыса алады.

9.3. Резидентура және докторантура бағдарламалары бойынша түсу емтиханын сәтті тапсырған және шекті балды алған тұлғалар Түркия квотасы конкурсына қатыса алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 10 – ші беті

9.4. Докторантура бағдарламалары бойынша түсу емтиханын сәтті тапсырған және шекті балды алған Түркия Республикасының азаматтары Түркия квотасы конкурсына қатыса алады.

9.5. Магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларына бөлінетін Түркия квотасының контингентін университеттің қабылдау комиссиясы анықтайды.

9.6. Жоғары білімнен кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары немесе шетел азаматтары алдын ала, өкілетті кеңес тарапынан анықталып, бекітілген магистрлік білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы оқуға қабылданады.

9.7. Қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы жүзеге асатын магистрлік білім беру бағдарламалары бойынша КТ жиынтығы негізінде шекті бал алған тұлғалар ақылы түрде қабылдана алады және оны ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

9.9. Магистратура, резидентура және докторантураға түсу сынақтарынан сәтті өткен, бірақ мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген орындарға конкурстан өтпеген үміткерлер университеттің магистратура, резидентура және докторантура бағдарламаларына ақылы түрде қабылдана алады.

10. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ

10.1. Апелляциялық комиссия магистратураға, резидентураға, докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

10.2. Апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарының немесе КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

10.3. Апелляциялық комиссия магистратурада білім алу үшін КТ бойынша апелляцияны қарау нәтижелерін Республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

10.4. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқу үшін КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

10.5. Магистратураға, резидентураға, докторантураға түсуші тұлға апелляцияға берілетін өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштер КТ, түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, оны апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

10.6. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

10.7. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

11. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1. УЕ талқылау және келісу университет Сенаты немесе Басқару Кеңесінің отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

11.2. УЕ ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына жүктеледі. УЕ жұмыс

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2019
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережесі		13 беттің 11 – ші беті

нұсқалары келесі жауапты тұлғалар мен техникалық хатшыларға сонымен қатар адрестер бойынша жіберіледі: Академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне, Кәсіби бағдар бөліміне, Факультет/мектеп декандары, кафедра меңгерушілері.

11.3 УЕ данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі
вице-президент

Ө.Үмбетов

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің
басшысы

А.Әбсеметов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг
және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

Білімгерлерді қабылдау мәселесі
бойынша ректор кеңесшісі

Е.Төлегенов

